# AKMOLA.KZ

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ТОПҚА КЕЗЕККЕ ҚОЮ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# Басты бет

akmola.kz сайтының басты бетінде «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезекке қою және жолдама беру» бөлімін таңдаңыз.

Сондай-ақ басты бетте нұсқаулықтар бөлімі және техникалық қолдау нөмірі бар




Ашылған тізімнен өз ауданыңызды таңдаңыз.



# Жүйеге кіру

Жүйеге кірудің екі жолы бар:

## 1. ЭЦҚ кілті арқылы

- «Сертификатты таңдаңыз» батырмасын басыңыз.
- «Сақтау орны» жолында ЭЦҚ-ның орналасқан жолын көрсетесіз.
- Құпиясөзді енгізіп, «Ашу» батырмасын басыңыз.
- Кілтті таңдап, «Қол қою» батырмасын басу қажет.

МАҢЫЗДЫ! ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін алдын ала NCALayer бағдарламалық жасақтамасын орнату қажет!




## 2. Бір реттік код арқылы

- Өтініш берушінің телефон нөмірі мен ЖСН-ін енгізіп, «Кіру» батырмасын басыңыз.
- Бір реттік кодты енгізіңіз.
- «Кіру» батырмасын басыңыз.

МАҢЫЗДЫ! Бір реттік код арқылы Жүйеге кіру үшін бұл телефон нөмірі мен ЖСН Мобильді МАБ тіркелген болуы қажет!



# Өтініш беру

Авторизациядан өткеннен кейін, Өтініш берушінің Жеке кабинетінде «Жалпы білім беру кезегіне қоюға өтініш формасы» бөлімін таңдау қажет.




Өтініш бермес бұрын деректердің өзектілігін және Алгоритммен танысқаныңызды растау қажет. Одан кейін «ОК» батырмасын басыңыз.



# Өтініш беру

Өтініш формасы ашылады, онда өтініш беруші туралы деректер автоматты түрде «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқорынан толтырылады. Бірінші қадамда электрондық пошта, телефон нөмірін енгізіп, келесі қадамға өту үшін «Келесі» батырмасын басу қажет.




Келесі қадам – бала туралы ақпаратты енгізу. Мұнда баланың ЖСН-ін көрсету және тізімнен өңірді таңдау қажет.

- Егер бала резидент емес болса, «Резидент емес» өрісіне құсбелгі қою және растаушы құжаттардың скан-көшірмелерін тіркеу керек.
- Егер жеңілдігі болса, «Жеңілдік» өрісіне құсбелгі қойып, тізімнен жеңілдік санатын таңдау қажет. Содан кейін «Кезекке тұру» батырмасын басып, өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қою қажет.




МАҢЫЗДЫ! Өтініш беру үшін тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу міндетті түрде болу керек.

# Өтінішті қарау

Берілген өтініштердің журналын қарау үшін басты мәзірден «Кезекке қоюға өтініштер журналы» бөлімін таңдау қажет

Әрі қарай, өтінішті ашу үшін «▷» ашу батырмасын басу қажет.




